

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ	 — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-81
	Силабус	12 беттің 1 беті

## «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

### Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

#### СИЛЛАБУС

Пән коды: ӘЭП 01

Пәні: «Фармациядағы экономика және құқық негіздері»

Мамандықтары: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»

Оқу сағатының/кредит көлемі: 24/1

Теория: 24 с.

Курс: 2

Оқу семестрі: 4

Бақылау түрі: Сынамалы сынақ

Шымкент, 2024 ж.

<p>OÝTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p><b>SKMA</b> —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-81
Силлабус		12 беттің 2 беті

«Фармацияның экономика және құқық негіздері» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Н.Т.Айдынғали

Мамандықтары: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27 » 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі: А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28 » 08 2024 ж.

Төрайымы: Г.Т.Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы

медицина колледжінің Әдістемелік Кенесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «28 » 08 2024 ж.

Төрайымы: Г.С.Рахманова

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>	
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-81
Силабус		12 беттің 3 беті

### Оқытушылар туралы мәлімет:

<b>№</b>	<b>Аты –жөні</b>	<b>Дәрежесі және лауазымы</b>	<b>Кызметі</b>	<b>Жүргізетін пәні</b>	<b>Эл.мекен-жайы</b>
1	Сатаев А.Т	Педагогика ғылымдарын үн магистрі	Каф.менгеруші сі	«Фармациядағы экономика және құқық негіздері»	aman.aman. @mail.ru
2	Айдынғали Н.Т.		Оқытушы	«Фармациядағы экономика және құқық негіздері»	Nurik_amirtay94@m ail.ru

### 3.1. Кіріспе.

«Фармациядағы экономика және құқық негіздері» гуманитарлық пәндер жүйесінде ерекше орын алады, себебі, екі ғылымды–экономикалық және құқықтық білімдерді қамтиды. Пән нарықтық экономиканы қалыптастыру жағдайындағы құқық рөлін зерттейді. Пән болашақ дәрігерлерге әлеуметтік-экономикалық мәселелерге, мінездемелі сұрақтарға бейімделуге көмектесуге арналған, сондай-ақ адамның экономикалық қызметке қатысуға дайындығын көрсету қабілетін, қоғамдық өмірді құқықтық реттеу тетіктері мен құралдарын пайдалану мүмкіндігін сипаттайды.

### 3.2.Пәннің саясаты:

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- себепсіз сабактарды жібермеу;
- сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- тәжірибелік сабактарда белсенділік көрсету;
- сабактарға дайындықпен келу ;
- сабактарға кешікпеу;
- сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;
- білім алушылардың өзіндік жұмыстары (рефераттар, баяндамалар) плагиатқа тексерілуі міндетті.

- себепсіз жіберілген сабактар өтелмейді. Эртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабакқа берілген рұқсат пары 30 күн жарамды.

**3.3.Пәннің мақсаты:** қоғам дамуының экономикалық және құқықтық заңдылықтары мен оның тиімді қызмет етуінің мәселелері туралы білім жүйесін қалыптастыру

### 3.4.Оқыту міндеттері:

Осы пәнді оқып-үйренудің нәтижесінде білім алушылар келесілерді білуі қажет:

- экономикалық теория негіздері саласында білімді;
- экономикалық мәселелерін жеке қалыптастыру мен шешуді білу;
- іс-жүзінде экономикалық теорияның негізгі ережелерін қолдану дағдысын;
- экономикалық теорияның болашақтағы даму бағыты мен жинақталған халықаралық тәжірибеде хабардарлықты таныту.
- КР экономикалық және құқықтық қатынастар ерекшеліктерін анықтау;
- экономика және құқық саласындағы нормативтік-құқықтық базаның ерекшеліктерін анықтау.

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-81
Силабус	12 беттің 4 беті

### 3.5. Оқытудың сонғы нәтижелері:

- 1) Құқықтық және экономикалық мәселелер бойынша ғылыми мұрада жинақталған негізгі теориялық көзқарастарды білуін көрсету;
- 2) Кәсіби саладағы мемлекеттік-құқықтық және экономикалық проблемаларды анықтау үшін зерттеу жүргізу және талқылау үшін нәтижелерді таныстыру;
- 3) Құқықтық және экономикалық процестердің ерекшеліктерін, олардың қазақстандық қоғамды модернизациялаудағы рөлі түрғысынан талдау;
- 4) Негізгі экономикалық және құқықтық білімді медицина саласындағы арнайы терминология арқылы көрсету;

**Менгереді:**

- 5) Ұлттық және әлемдік экономика жайлы анықтама, әдебиеттер табу және қолдануды;
- 6) Өз азаматтық айқындаасын көрсетуді;

**Дағдысын қалыптастыруды:**

- 7) Қазақстанның экономикалық құқықтық даму ерекшеліктерін талдауды;

**Құралдауды:**

- 8) Қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға кедергі болатын проблемаларды шешуге дайын болу;

- 9) Өз ісін таңдау әдістері, шешім қабылдау, өзін өзі бақылау және бағалау;

**3.6. Реквизитке дейінгі:** Қазақстанның тарихы, денсаулық сактаудағы құқық және экономика негіздері

**3.7. Реквизиттен кейінгі:** Философия

**3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:**

Пәннің макро-микро, мега деңгейлердегі нарық субъектілері арасындағы, мемлекет пен нарық субъектілері, мемлекет пен қоғам арасындағы қалыптасқан құқықтық-экономикалық қатынастардың даму заңдылықтар. Қазақстандағы әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика үлгісінің ерекшеліктері мен болашағын зерттеу. ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы Заңының негізгі бағыттары. Фармацевтикалық және медициналық қызметкерлердің құқықтық мәртебесі, әлеуметтік қоғалуы. Медициналық қызмет нарығындағы басеке. Қазақстандағы медициналық қызмет кәсіпкерлігінің дамуы. Әлемдік интеграциялық үдерістер мен халықаралық экономикалық үйымдарға Қазақстанның қатысуы. Дүниежүзілік денсаулық сактау ұйымы.

**3.9. Пәннің тақырыптық жоспары.**

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1.	Экономика және оның қоғамдағы рөлі. Меншік және әлеуметтік-экономикалық құрылыш.	Экономика түсінігі. Экономиканы неге оқуымыз керек. Негізгі экономикалық мәселелер. Нарықтық экономикаға жалпы сипаттама. Нарықтық экономикаға сипаттама. Нарықтық экономикаға өту жағдайы. Қазақстан Республикасындағы ауыспалы кезең сипаттамасы. Өндіріс мүмкіндігінің қисығы. Меншік теориясы. Меншік қатынасының құрылымы. Меншік – құқық қатынасы жүйесі ретінде. Меншіктік класификациясы. Қазақстандағы меншік жүйесінің реформалары.	2
2.	Ақша және банктік жүйе.	Акшаның мәні және оның пайда болу тарихы.	2

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p><b>SKMA</b> —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы</p>		044-73/11-81
<p>Силабус</p>		12 беттің 5 беті

	<p>Нарық және оның зандағының қызмет етуі.</p>	<p>Ақша түрлері және қызметі. Заманауи ақша күралдары. Банктердің түрлері мен қызметтері. Қазақстан Республикасының банк жүйесі. Құнсыздану, мәні, түрлері және құнсыздану себептері. Дифляция. Халықтың жеке топтарына құнсыздану дың әсері. Еркін бәсекелестік. Нарықтық шаруашылықтағы бәсекелестіктің рөлі. Бәсекелестік нарықтарының түрі.</p>	
3.	<p>Бәсекелестік және монополия. Бизнес, әлеуметтік-экономика лық мән және қасіпорын. Еңбекақы. Табыс, пайда.</p>	<p>Айқын бәсекелестік нарығы. Монополиялық нарықтың түсінігі. Монополия түрлері. ҚР монополияға қарсы заңнама. Қазақстан бәсекелестік нарық жолында. ҚР-ғы монополияға қарсы заңнамасы. Экономикалық тәуекел түрі. Нарықтың экономикадағы экономикалық тәуекелдердің себептері. Тәуекелдерді басқару. Еңбекақы түсінігі- еңбек ресурстарының құны ретінде. Еңбекақы мөлшерін анықтайтын факторлар мен шарттар. Номиналды және нақты еңбекақының мәні. Еңбекақының ең төменгі деңгейін қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлі. Нарық шаруашылығындағы еңбекақының жүйесі мен нысандары. Табыс, пайда Өндіріс шығындары. Шығындардың түрлері. Пайда экономикалық категория ретінде. Пайданы қалыптастыру және бөлу. Маркетинг. Нарық экономикасында кірістер. Жер рентасы-жердің құны.</p>	2
4.	<p>Ұлттық шаруашылық экономиканың өсу қарқыны. Бүкіл әлемдік экономика және әлемдік нарық.</p>	<p>Макроэкономиканың мәні. «Жалпы ұлттық өнім» (ЖҰӨ), «жалпы ішкі өнім» (ЖІӨ)- негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Экономика лық өсу, оның түрлері, оны өлшеу тәсілдері. Қазіргі заман экономикасы. Экономиканың жаһандану тенденциясы. Өндірістің интернационалдыру жаңа кезеңі. Заманауи халықаралық сауда және валюталық қатынастар. Валюталық бағам. Капиталдың ауысуы және жұмыс күші. Экономикалық интеграция. Халықаралық валюта-несиелік жүйе. Жаһанды экономикасының тұрақсыздығы. Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасуы. Біркелкі Кеден Одағына ену, Ресей, Белоруссия, Қазақстан. Бүкілодақтық сауда ұйымы және Қазақстан. Қазақстанның сауда қатынастары. Инвестициялық ынтымақтастықтың дамуы. Банк жүйесінің дамуы. Халықаралық Алтын қорымен (ХАҚ) қарым-қатынас.</p>	2

<p style="text-align: center;">ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p style="text-align: center;">«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p><b>SKMA</b> —1979—</p>	<p style="text-align: center;">SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p style="text-align: center;">АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы</p>		044-73/11-81
<p>Силабус</p>		12 беттің 6 беті

<p>5.</p>	<p>Қоғам алдында тұрған негізгі экономикалық мәселелер. Жасыл экономика. Мемлекет және құқық теориясының негіздері.</p>	<p>Адамзаттың ғаламдық мәселелеріне сипаттама. Жахандану мәселелерінің мәні мен нысандарының көрініс табуы. Әлемдік мәселелер (терроризм және т.б.) шешу саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бітімгерлік процесіндегі ролі.<b>Жасыл экономика.</b> «Жасыл экономиканың» негізгі міндеттері. Қазақстандағы «Жасыл экономиканы» дамыту тұжырымдамасы. «Жасыл экономиканы» дамытудың жеті негізгі бағыттары. «Жасыл экономикаға» өту институттары. Мемлекет үғымы, шығу теориялары. Мемлекеттің белгілері, функциялары және нысаны. Құқықтың анықтамасы және негізгі белгілері. Құқық және заңнама жүйесі. Қазақ мемлекеті мен құқығының қалыптасу ерекшеліктері. Қазақстандық құқықтың басқа мемлекеттердің құқықтық жүйелерімен арақатынасы.</p>	<p>2</p>
<p>6.</p>	<p>Қазақстан Республикасының конституциялық құқық негіздері. «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан республикасы заңының жалпы сипаттамасы.  Аралық бақылау №1</p>	<p>Конституциялық құқық үғымы. Принциптері мен көздері. Адам және ҚР азаматының құқықтық мәртебесі. ҚР Президентінің құқықтық мәртебесі. ҚР Парламентінің құқықтық жағдайы. ҚР Үкіметінің қызметін ұйымдастырудың негізгі принциптері. ҚР Конституциялық Кенесі, оның құқықтық жағдайы. ҚР сот билігі. Жергілікті өкілетті және атқарушы билік органдары. ҚР-дағы сайлау жүйесі. 1-6 тақырыптар аралығында ауызша-жазбаша түрінде.</p>	<p>2</p>
<p>7.</p>	<p>Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық негіздері. Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.</p>	<p>Әкімшілік құқық пәні. Әкімшілік Құқық Жүйесі Әкімшілік Реттеу Әдістері Әкімшілік-Құқықтық Нормалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық Көздері Әкімшілік Құқық Субъектілері. Отбасылық құқық үғымы және принциптері. Некеге тұру шарттары. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері. Ата-аналар мен балалардың құқықтық қатынас тары. Азаматтық құқықтың жалпы ережелері. Азаматтық құқық үғымы, пәні, әдісі. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері. Мәміле, мәмілелер нысандары. Меншік құқығы үғымы. Меншік нысандары.</p>	<p>2</p>

<p style="text-align: center;">ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p style="text-align: center;">«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p><b>SKMA</b> —1979—</p>	<p style="text-align: center;">SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p style="text-align: center;">АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы</p>		044-73/11-81
<p>Силлабус</p>		12 беттің 7 беті

8.	<p>Қазақстан Республикасының отбасылық және неке құқығының негіздері. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы негіздері. Әр түрлі салалардағы сыйбайлас жемқорлық әрекеттері үшін моральдық-этикалық жауапкершілік.</p>	<p>Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы ұғымы. Жеке еңбек шартының түрлері мен нысандары. Еңбек шартын жасасу және тоқтату тәртібі. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты. Жалақы және оның түрлері. Еңбек даулары, еңбек дауларын қарайтын органдар. ҚР зейнетақымен қамсыздандырудың құқықтық негіздері. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық негіздері.</p>	2
9.	ҚР қылмыстық құқық негіздері. ҚР қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері. Сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілік.	Қылмыстық құқық ұғымы, принциптері, міндеттері және көздері. Қылмыс ұғымы, түрлері. Қылмыс құрамы. Қылмыс объектісі және субъектісі. ҚР қылмыстық жазалау жүйесі. Жаза ұғымы және мақсаты.	2
10.	Қазақстан Республикасының экологиялық құқық негіздері.	Экологиялық құқық ұғымы және пәні, көздері. Меншік құқығы кезінде-туған ресурстар. Экологиялық құқық бұзушылық тар үшін құқықтық жауапкершілік	2
11.	Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. Халықаралық құқық негіздері.	Халықаралық құқықтың қазіргі анықтамасы. Халықаралық жеке құқық. Халықаралық құқық принциптері. Халықаралық құқық субъектілері. Халықаралық құқықтық актілер.	2
12.	Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарын ұйымдастыру және қызметтің негіздері. Араптық бақылау №2	ҚР Құқық қорғау органдары жүйесінің жалпы сипаттамасы және анықтамасы. ҚР Прокуратурасының құқықтық мәртебесі, прокуратура қызметкерлерінің өкілеттігі, құқықтық мәртебесі. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құқықтық мәртебесі, өкілеттілігі. ҚР Ішкі істер органдарының құқықтық мәртебесі. ҚР сот жүйесі. ҚР Әділет министрлігі. Адвокатура институты. Нотариат институты. 7-12 тақырыптар араптығында аузша-жазбаша түрінде.	2

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-81
Силлабус	12 беттің 8 беті

	Барлығы:	24
--	----------	----

### 3.10.Әдебиеттер және оқу құралдарының тізбесі.

#### 3.10.1. Негізгі әдебиеттер:

1. Таскымбаева, С. М. Основы экономической теории: учеб. пособие / С. М. Таскымбаева, Ф. М. Каратаева. - Караганда : АҚНҮР, 2017. - 200 с.
2. Битенова Б.С. Основы экономических и правовых знаний : учебное пособие / Б. С. Битенова, Л. К. Магзумова, А. А. Ахатова. - Караганда : АҚНҮР, 2023. - 313 б.
3. Экономикалық және құқықтық білім негіздері : оқу құралы / Б. С. Битенова, Л. К. Магзумова, А. А. Ахатова. - Караганды : АҚНҮР, 2019. - 310 бет.
4. Жанысбеков М. А. Основы антикоррупционной культуры : учебно-методическое пособие / М. А. Жанысбеков, Н. А. Абдурахманов, А. С. Еркинбекова. - Караганда : АҚНҮР, 2023. - 198 с.
5. Жанысбеков М. А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері : оқу-әдістемелік құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, Ә.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Караганды : АҚНҮР, 2023. - 192 б.
6. Қазақбаева Ж. Р. Құқық негіздері : оқу құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Караганды : АҚНҮР, 2019. - 204 б.
7. Ибраева А., Гончаров С. Основы права. Учебник.Издательство "Мектеп" 2019 10- класс.
8. Ибраева А., Гончаров С. Құқық негіздері. Оқулық. Издательство "Мектеп" 2019 10-сынып.

#### 3.10.2. Қосымша әдебиеттер

1. Мэнкью Грегори, Н. Экономикс: оқулық / Н. Мэнкью Грегори, П. Тейлор Марк ; қаз. тіл. ауд. Л.Ә. Бимендиева [ және т. б.]. - 4 - Халықаралық басылым. - Астана : Ұлттық аударма биросы, 2018. - 848 б. с. : (Рухани жаңғыру).
3. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҮР, 2016. - 340 бет
4. Блак Джон Оксфорд экономика сөздігі = A dictionary of economics / сөздік ; Н. Хашимзаде, М. Гарет. - 5th ed. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма биросы, 2019. - 608 бет. с. : (Рухани Жаңғыру)
5. Джакупова, Д. Е. Денсаулық сақтау экономикасы = Экономика здравоохранения : оқу-әдістемелік құрал / Д. Е. Джакупова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 192 б.

#### Электронды басылымдар

1. Бөлешов М.Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау: оқулық / М.Ә. Бөлешов. - Алматы: Эверо, 2020. - 244 бет. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/674/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/674/)
2. Медициналық қызметтің экономикалық мәні және ерекшеліктері. Оспанов Р. , 2018 <https://aknurpress.kz/>
3. Денсаулық сақтаудағы экономика және маркетинг. Төлебаев Ж.С., Сыздықова К.Ш., Маукенова А.А., 2019 <https://aknurpress.kz/>
4. Денсаулық сақтау экономикасы – Оқу құралы/Б.Т.Касымова, Қ.М. Сисенгалиева, Л.К. Магзумова. – Алматы; Эверо, 2020. –260 бет. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/849/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/849/)

#### 3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

**Теориялық сабактар** – мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация. Аудиториямен кері байланыс дәріс тақырыптары бойынша студенттермен блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, ситуациялық тапсырмаларды шешу, презентация, карточкалармен жұмыс, дебат.

#### 3.12. Білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау:

Ауызша сұрақ-жауап, презентация, рөльдік ойындар, мәтінмен жұмыс, жаттығу жұмыстары, эссе жазу.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-81
Силлабус	12 беттің 9 беті

Теориялық сабактар: ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

### **Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:**

**Ағымдық бақылау:** Тестілеу және ауызша - жазбаша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

**Аралық бақылау:** Тестілеу және ауызша - жазбаша сұрақ жауап 6 және 12 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: Сынамалы сынақ

Білім алу нәтижелерінің бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі. Сынамалы сынақ бағасы міндетті түрде платонусқа қойылады.

### **Теориялық сабакты бағалау тәртібі:**

**Аралық бақылау:**

**Қорытынды бақылау:** Сынамалы сынақ ауызша-жазбаша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі және білім алушы жоғарғы (макс) 40 балл жинауы мүмкін.

**Жалпы бағасы:** ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,00	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз
D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	Қанағаттанарлықсыз

### **3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері**

O H №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлық сыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БК 1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзак мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын менгерген.	Сабакқа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады	Сабактың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің занылыштары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап бергені үшін қойылады.	Білім алушы оқытылатын пәннің занылыштары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялы

					қ реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ 1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	Алынған білімді қолданбағаны үшін	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады.	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, алайда алған білімнің тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады.	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өндөу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.	Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылау, алынған ақпаратты басқа пайдаланушы
БҚ 3.1					

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы</p> <p>Силлабус</p>	<p>044-73/11-81</p> <p>12 беттің 11 беті</p>
--	--	---	--

--	--	--	--	--	--	--

### Аралық бақылауды бағалау критерийлері

<b>Бақылау түрі</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>
Ауызша-жазбаша, тест	<b>Өте жақсы</b> A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сынни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	<b>Жақсы</b> B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	<b>Қанагаттанарлық</b> C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оку әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	<b>Қанагаттанарлықсыз</b> F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабак тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрекел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .

### Корытынды бағалау критерийлері

<b>Бақылау түрі</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>
Сынамалы сынақ	<b>Өте жақсы</b> A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Сынамалы сынақ бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	<b>Жақсы</b> B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Сынамалы сынақ бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	<b>Қанагаттанарлық</b> C+ (2,33; 70-74%)	Сынамалы сынақ бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.

ларға жеткізе  
алғаны үшін  
қойылады.

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы</p>	<p>044-73/11-81</p>
<p>Силлабус</p>	<p>12 беттің 12 беті</p>

<p>C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)</p> <p><b>Қанағаттанарлықсыз</b> F (0; 0-49%)</p>	<p>Сынамалы сынақ бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .</p>	